«Бекітемін»:
№14 «Шолпан» бөбекжай-бақша
меңгерушісі: Ж.Кисигова

# Жалпы ата-аналар жиналысының жылдық жоспары

**Мақсаты**: мектепке дейінгі мекеме мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты арттыруда балабақшаның әдістемелік тақырыбын іске асыру шараларына ата-аналарды жұмылдыру, баланың жеке тұлғасының дамуына қажетті жағдайлар тудыру.

| № | Тақырыбы | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 1«Келіңіз, танысайық» Жаңа келген ата-аналарға қызметкерлерді таныстырып, жаңа оқу жылының мақсаттарымен таныстыру.<br>2.Ата-аналар комитетін сайлау.<br>3. «Менің жанұям» адам өміріндегі әсіресе бала тәрбинесіндегі қажеттілігі жайлы пікірталас.<br>4. Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі. Баяндама. | 05.09.2022 ж | Меңгеруші<br>Әдіскер<br><br>Пед ұжым |
| 2 | 1.Дәрігердің кеңесі: «Дені саудың-жаны сау». Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау ережелері түсіндіру.<br>2. «Сұраңыз жауап береміз!». Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру.<br>3. «Дәрумендердің пайдасы» Ата-аналар арасында баяндама оқу. | 28.11.2022 ж | Медбике<br><br>Меңгеруші<br>Әдіскер<br><br>Пед ұжым |
| 3 | «Тәрбие – тал бесіктен » Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі. Баяндама.<br>1Өткізілген іс-шараларға ата-аналардың қатысуына ықпал ету.<br>2.Ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысу. | 15.03.2023 ж | Меңгеруші<br>Әдіскер<br><br>Пед ұжым |
| 4 | 1.Ата-аналар жиналысының бір жылдық есебін тыңдау, қорытынды жасау.<br>2.«Қош бол , әсем балабақшамыз.»<br>3. Оқу тәрбие жұмысына есеп беру. | 19.05.2023 ж | Меңгеруші<br>Әдіскер<br><br>Пед ұжым |

**Хаттама№1**

3- қыркүйек 2022-2023 оқу жылы
№14 «Шолпан» бөбекжай-бақшасында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Қатысуы тиіс-20
Қатысқаны-18

Қаралатын мәселелер:
1.Топта ата-аналар арасынан комиттеттің жаңа құрамын сайлау.
2.Ата-аналармен келісім шартқа отыру айлық жарнапұл мөлшерін бекіту.

Сөз бөбекжай-бақша әдіскері К.Байқадамоваға берілді.
Ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап бүлдіршіндерге сәттілік тілей келе, ата-аналар арасынан жаңа құрамды сайлады. Ата-аналар комитетінің төрайымы: Булекеева Ұлпан Мүшелері: Мектепқызы Жазира,Бақытжанқызы Гүлжанат болып сайланды.

Тәрбиеші Ж.Тәтиева ата-аналармен келісім шартты таныстырып шықты, керекті құрал-жабдықтар тізімін таратты. Айлық жарнапұл 5000 теңге болып белгіленді, ата-аналар келісті. Әр айдың 15-20 аралығында төленетінін барлығына хабарланды.

Медбике Р.Байболатова әрі қарай өз сөзінде биылғы балалардың Дәрігерлік бақылаудан өткізу тәртібін түсіндірді,Денсаулық паспортын дайындауды мұхият тапсырды.Балалаларды балабақшаға өз уақытымен ,қалдырмай ,қалдырсаңыздар дәрігер анықтамасы мен келетінін,ауырған жағдайда ауруханаға тіркелу керектігін.ескертіп нақтылады.Баланың тазалықты сақтап, киімдеріде маусымға сай,ықшам,әрі жеңіл киіну ,аяқка аяқкиім киім кию кажеттілігі ескертілді. қойылатын талаптардың күшейтілгендігін қатаң ескертілді. Тазалық, жылы киім, құнарлы тамақтануды дәрумендi жемістердің пайдасы туралы айтылды.

Ата-аналар жиналысы қаулы етеді.
1.Ата-аналар комитетінің төрайымы сайланып мүшелері сайланып мүшелері тағайындалды. Ата-аналар мен балабақша арасындағы байланысты жоспарлы түрде жүргізу тәрбиешілерге тапсырылсын.
2.2022-2023 оқу жылында қабылданған балалардың денсаулық, тазалық, төсек орындары жуыну құралдарын, жалпы гигиеналық тәртіп Р.Байболатоваға тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы: [signature] К.Байқадамова
Хатшы: [signature] Ж.Тәти

Хаттама №2

20-қыркүйек 2022-2023оқу жылы

№14«Шолпан»бөбекжай-бақшасында кезектен тыс ата-аналар жиналысы өтті.

Қатысуы тиістісі-20

Қатысқаны-17

Күн тәртібінде:

1.Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгерту бойынша түсіндіру жұмыстары.

2.Балаларға мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын іске асыру үшін жайлы жағдай жасауда отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру.

3.Өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын.мектепке дейінгі ұйымның ата-аналармен тығыз байланыста болуы,оң көзкарас пен тілектестікті қолдау.

Тыңдалды:Сөз кезегін б/б меңгерушісі Қисигова Жайна алып, ата-аналарға жаңа оқу жылындағы МҮ-ұйымдарда тәрбие мен оқыту барысында көптеген жаңалықтар өзгерістер енгізілгені жайлы мәлімет беріп өтті.

2.Б/бақша әдіскері А.Байқадамова күн тәртібіндегі мәселелерге тоқталып,Мектепке дейінгі кезең- мектепке дайындық сатысы.Демек мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың жас ерекшелігін қажеттіліктерін ескере отырып баланың әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасау .Тәрбиелеу –білім беру әрекетін ұйымдастыруда ойын арқылы оқытуға, балаларды дамыту.Балаларды шаршатпай ,жалықтырмай,балалардың өз бетінше ой елегінен өткізіп сұрақтарға жауап табуына,қолмен жасап,зерттеп шешім шығаруға мүмкіндік туғызу.Ойын,танымдық,шығармашылық,зерттеу,еңбек, дербес, әрекеттерін ұйымдастыру.Тәрбиеленушілердің құзіреттілігін арттыру физикалық және жеке қасеттерін дамыту ,жас ерекшелігіне сәйкес біліктігімен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтар:
1Ата-ана: Бөлекеева Ұлпан.Мектепке дайындық тобының балдары барлығы ойын түрінде өткізілсе балалар мектепке дайын болмай қалмайма?
2.Ойын алаңы топырақпен емес,жасанды газонмен жабдықтағаны дұрыспа?

Ата-ана сұрақтарына жауап:
-Мад-тобының балалары мектепке дайын болмай қалмайды,оған алаңдамаңыздар,мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында

көрсетілген аптадағы,нормативтік жүктеме негізінде басты ұйымдастырылған іс-әрекеттер,ашық есік күндері міндетті түрде жүргізіледі. Бағдарламаға сай МАД-тобы дайындықтан өтеді. Ойын алаңы да топырақ ,заман талабына сай жабдықталуы үшін қаржылық жоспарға сай сұраныс жасап көреміз.

Жиналыстың шешімі :
1 МД-тәрбие мен оқыту барысында ата-аналар мен бөбекжай-бақша арасында тығыз байланыс орын алсын.

Б/б меңгерушісі: Ж.Киқатова
Хатшысы: Ж.Тата

**Хаттама№3-**

28- караша 2022-2023оқу жылы

№14 «Шолпан» бөбекжай-бақшасында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Қатысуы тиіс-20

Қатысқаны-18

Қаралатын мәселелер:

1.Дәрігердің кеңесі: «Дені саудың-жаны сау»Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау ережелерін таныстыру.

2. «Сұраңыз жауап береміз»Ата-аналарға жауап береміз.

3.«Дәрумендер пайдасы» Ата-аналар арасында баяндама оқу

Сөз балабақша әдіскері К.Байқадамоваға берілді.

Құрметті ата-аналар! Бүгінгі жиналысты бастайық.Сұрақтарыңыз болса айта отырыңыздар,өзіңізді не мазалайды,түсінбеген сұрақтарыңыз болса,қандай ұсыныс-пікірлеріңіз бар?Ата-аналар сұрақтарын қойып,Әдіскер Байқадамова Аккенже апай мен,тәрбиеші Ж.Тәти жауап берді.

Өткен аптада «Салауатты өмір салтын сақтайық» тақырыбында апталық жүргізілді. «Менің бір күнім» деген тақырыпта балалармен жұмыс жүргізілді.Үйде балаларыңыз қандай,тазалықты қаншалықты сақтайды, соның барлығын балабақшадағы уақыттарында үйретіп,меңгертіп отырамыз.Ерте тұру,дене шынықтыру,жуыну,киіну дағдылары күнделікті іс-әрекеттері меңгертіледі.Сонда байқағанымыз, балалар өзіндік іс-әрекеттерді дұрыс жасай алмайды,яғни жаттықпаған,дағдыланбаған.Көп көмекті қажет етеді.Осы орайда сіздерге айтарымыз,балаға жеке тұлға ретінде қарап,өзіндік әрекеттерді өздері жасауға мүмкіндік берулеріңізді сұраймыз.

Екінші мәселе бойынша, медбике: Р.Байболатова баяндама оқыды.Баланың денсаулығына дәрумендердің тигізер пайдасы зор. Балаға асқабақ,өрік,қызанақ,күнделікті айран ішсе,«А» дәрумені көпкөзге жақсы,балықта,картопта, асбұршақта,жаңғақта, нан өнімдері «В» «С»дәрумені орамжапырақта,ірімшікте, қаймақта болады.Лимон,апельсин, алмұрт тың пайдасы өте жақсы.Балалардың денсаулықтарың мықты болуы үшін осы тағамдарды беріп отырыңыздар .

Ата-аналар жиналысы қаулы етеді.

1.Балабақшада және отбасында санитарлық-гигиеналық талаптар сақталсын.

2.Балаларға дәруменге бай ,тағам түрлері күнделікті қолданыста болсын.

Жиналыс төрайымы: К.Байқадамова

Хатшы: Ж.Тәти

# Хаттама №4

15.03.2023ж

№14«Шолпан»бөбекжай-бақшасында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Қатысуы тиісті:-20

Қатысқаны-17

Қаралатын мәселелер:

1«Тәрбие –тал бесіктен» Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі ролі.(Баяндама)
2.Ата-аналардың өткізілген іс-шараға қатысуына ықпал ету,Ұйымдастырылған іс-әрекетке қатыстыруды қалыптастыру.

Сөз бөбекжай-бақша әдіскері А.Байқадамоваға берілді . Бала тәрбиесі баршаға ортақ .Тәрбие- отбасынан басталады. .Отбасында ата-ана балаға зор жауапкершілікпен қарап тәрбиесіне атсалысуы керек. Жас адамды есті, саналы. Сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының есті ұрпақты тәрбиелеу ісімен шектелмек.Жас ұпақты тәрбиелеуде отбасы маңызды орын алады.«Баланың басты ұстазы-ата-ана.»Отбасы- өнеге бастауы.Отбасы мүшелерінің өзара дұрыс қарым-қатынас жасауы, тіл табысып түсінісуін ,бір-бірін тыңдап,ата-ананы ,туған туыстарын.жасы үлкендерді сыйлауды құрметтеуге үйрету керек.Отбасындағы тәлім-тәрбиенің мақсаты- баланың жас ерекшелігін ,психикалық , процестерін ескере отырып,жақсы ұрпақ тәрбиелеуде денсаулығына камқорлық жасау.нығайту.бекіту.тазалық дағдыларын үйрету.Тәртіптілікке,ұқыптылыққа,жауапкершілікке.ойшылдыққа.сергектікке,естілікке баулу керек.

2.мәселе бойынша тәрбиеші Айда Қаирова сөз алды.Құрметті ата-аналар қош келдіңіздер. Жоспар бойынша тәрбиелік іс-шаралар өткізілді.Ұйымдастырылған іс-әрекеттер,сайыстар,ойындар өткізілді.Ашық есік күндері ,жиналыстарға ата-аналар толық қатысып отырады. Күнделікті жұмыстарды әлеуметтік желіге жүктеп немесе ата-аналар группасына жіберіп отырамыз.Балаларыңыздың күнделікті оқу құралдарының толықтырып қадағалап отырыңыздар.Қаламсап күнделікті қажеттілік тудыратынын өздеріңіз білесіздер. Ыждағаттылықпен қарап отырыңыздар.Берілген тапсырмаларды балалардан сұрап орындауға мүмкіндік жасап отырыңыздар.

Ата-аналар жиналысы қаулы етті:
1.Бала тәрбиесіне баса назарда болуын қадағалансын.
2.Ата-анамен тығыз байланыс орнатылсын.

Жиналыс төрайымы: К.Байқадамова
Хатшы: Ж.Тәти

**Хаттама№5**

№14« Шолпан» бөбекжай-бақшасында ата-аналар жиналысы болып өтті .

19.05.2023ж

Қатысуы тиістісі:- 20

Қаысқаны: -18

Қаралатын мәселер:

1.Ата-аналар комитетінің бір жылдық қорытынды есебі.

2.«Қош,балалар бақшасы» ертеңгілігі

3.Оқу-тәрбие жұмысының есебін тыңдау.

Сөз бөбекжай-бақшаның ата-ана комитетінің төрайымы:Ұлпан Бөлекееваға берілді. Құрметті жиналысқа қатысушы ата-аналар жыл бойы өткізілген ұйымдастырылған іс-әрекеттерұлттық,ойындар,түрлі байқаулар,спорттық ойын түрлері,ертеңгіліктер,көрме жұмыстары,сурет,ән байқаулары,психологиялық тренинг,тәрбиелік іс-шаралар өткізілді.Тәрбиешілер жұмысына жақсы баға беремін.Тәрбиеші апайлардың баланы қабылдауы,қарсы алып күтіп алатыны.баламен жылы, емен-жарқын сөйлесуі өте жақсы .Жоспарға сай,дәстүрден тыс ойын түрлерін өткізуі ,ата-анамен ынтымақтастық орната отырып сан түрлі жұмыстар жүргізілді.Балаларды онлайн түрде байқауларға қатыстырып орындар алып отырды.Ата-аналармен спорттық отбасылық сайыстар өткізілді.Ата-анамен бала бақша арасында мықты ынтымақтастық орнаған.Жыл бойы өткізілген жұмыстарға қатысып отырдық.баламыздың балабақшаға ынтасы зор,ықыласты.

2.Тәрбиеші:Ж,Тәти сөз алды. Әріптестер,ата-аналар.Биылғы оқу жылында біршама өзгерістер болды.Ұйымдастырылған іс-әрекеттер ойын іс-әрекеті болып өзеріске түсті ,Өткізілген іс-шаралар еркін түрде ,ойын арқылы жүзеге асырылды.Тәрбиелік іс-шаралар уақытылы жоспарға сай орындалды.Ата-анамен тығыз байланыс жасадық,баланы қатыстырып отырдыңыздар.Қажетті оқу құралдарын түгелдеп,баланың бала бақшаға қатысуын қадағалап отырдыныздар.Ертеңгіліктерге,байқау, сайыстарға белсенді түрде атсалыстыңыздар. «Балабақшамен қоштасу» ертеңгілігі жылдағыдан өзгеше түрде өткізілді.Киім дайындауда белсене атсалыстыңыздар..Балаларда белсенділік танытты.керемет көңіл-күйде сахналық көрініс,ән мен би ,ойындар ойнатылды.Тәрбиеші апайларға,ұжым мүшелеріне арнап жыр шумақтарын арнап сыйлықтарын ұсынды.Тәрбиеші апайлар балаларға өздерінің мінез-құлықтарына сай атақ берді.Алғырбала.Мейірбан,Талантты,Тапқыр,Шебер,деген сияқты мақтау қағаз берілді.

3.Әдіскер сөз алды.Құрметті ата-аналар биылғы оқу жылында біршама жетістіктермен аяқтадық.Балалардың жалпы мектепке дайындығы жақсы.Мен балалардың білім,білік дағдыларын зерделей келе жақсы деп айтар едім.Балардың қабылдауы,түсінігі ой-өрісі ,сөз саптауы өте жақсы.Енді Дәулетбектің сөйлеуін қадағалап отырдық,түрлі артикуляциялық жаттығулар арқылы жұмыстар жүргізілді. Үйден қадағалаңыздар ойын баласы көбірек қадағалап отырыңыздар.

Жыл көлемінде мониторинг жүргізілді.Бастапқы мониторинг,аралық мониторинг.қорытынды мониторинг жүргізілді.

Жиналыс қаулы етті:
1.Балабақшамен ата-ана ынтымақтастығын нығайту.
Жүргізілген іс-шаралар әлеуметтік желіге жүктелсін

**Жиналыс төрайымы:** К.Байқадамова
**Хатшысы:** Ж.Тәти